

№14 "Шолпан" бөбекжай-бақшасы

Ұстаз-ұлы тұлға

Тәрбиешілер: А.Қайрова
Ж.Тәти

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін:

«Шолпан» бөбекжай-бақшасы

КМҚК әдіскері

Жайна К.Байқадамова

« 4. » « қазаң. » 2023 ж

« Ұстаз- ұлы тұлға! »

«Шұғыла» тобының тәрбиеленушілері музыка әуенімен залға кіреді.
Шеңбер бойымен жүріп орындарына барады. *Ашау - ма башы*
Фанфар (Ортаға балалар шығады)

Жүргізуші:

Ұстаз деген ұлы сөз ұлағатты
Ол болмаса кім берер парасаты
Асыл беріп шәкірттің бойларына
Сол үшін ағартқан қара шашты
Ұстазға әркім басын иіу керек
Кемеңгер ақылшым деп білу керек
Сен бүгін керемет боп кетсен дағы
Жеткізген сол ұстаз деп білу керек
Жаксылар ұмытпайды ұстаздарын
Ойлайды олар оңымен ұштасқанын
Мәңгілікке мақтанып өтеді ұстаз
Шәкірті биікке шыққаны үшін.

Жүргізуші: Армысыздар, қадірлі де аяулы ұстаздар, тәрбиеші апайлар. Сары алтындай, сары күз ала келген ұстаздардың төл мерекесі құтты болсын!

Құттықтау сөз кезегін №14 «Шолпан»бөбекжай – бақшасы меңгерушісі
Жайна Кисигова ға сөз береміз.

Біздің «Шұғыла» тобының « Ұстаз –ұлы тұлға!»
атты ертеңгілігімізді тамашалауға қош келдіңіздер.

Ән: «Шұғыла» тобының бүлдіршіндері *Башбақшам*

«Балабақшам»

Бүлдіршіндерінің орындауында тақпақтарын қарсы алыңыздар.

Алинұр:

Жаксы көрем ұстазымды,
Білім нұрын бізге шашқан.
Жаксы көрем ұстазымды,
Болашаққа есік ашқан.

Нұрбейне:

Доспен тату ойнауды,
Мерекені тойлауды.
Бойымызға сіңірген,

Көптің камын ойлауды,
Тәрбиеші апайлар.

Ақжүрек:

Білім беріп баршаға,
Ұстазым менің шарашама.
Алғысын айтқан өзіңе,
Балғындар қанша, қаншама.

Айзия :

Мереке күніңмен,
Құттықтап бүгін мен.
Ойыма ой қосам,
Сен берген біліммен.

Нұрхан:

Қанатым талмайды,
Қиялым самғайды.
Ақын да, ғалым да,
Ұстазсыз болмайды.

Айжұлдыз:

Бізге тәртіп үйреткен,
Ән салдырып билеткен.
Таныстырып ең алғаш,
Өріптермен суретпен-
Тәрбиеші апайлар!

Сезім:

Балалардың бақшасында бүгін той,
Ұстаздардың күні бүгін біліп қой.
Тақпақ айтып, кезкетесіп, бір бірлеп,
Кел қосылып ән шырқайық би билеп.

Жанболат:

Білмей қалсам кешірген,
Балалық деп түсінген.
Қандай дана болса,
Алдыңызда бас ием.

Жасмин:

Арналады апайларға,
Құрмет деген, төр деген.
Біздің елде адам бар ма?
Ұстаз алдын көрмеген.

Талшын:

Құтты болсын мейрамыңыз,
Білім нұрын бізге шашқан.
Табысты боп, жемісті боп,
Жүз жасасын ұстазымыз.

Хор: « Тәрбиеші апайға » «Шұғыла» тобының бүлдіршіндерінің
орындауында қарсы алыңыздар.

Халкым жетсін мұратқа,

Ұстаздарды ардақта.

Тәрбие жолын бастаған,

Би: «Қыздар биі » «Шұғыла» тобының қыздарының орындауында

«Шұғыла» тобының бүлдіршіндерінің орындауында «Ұлдар биі»

Біздің ұстаздар мерексіне арналған сыйлықтармызды қабыл алыңыздар.